

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бала тәрбиесінде өзін-өзі тәрбиелеудің маңыздылығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.07.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/158906/>

Қазіргі бәсекелестік заманында білімнің рөлі өте жоғары. Дегенмен білім беру саласында оқушының тәрбиесі басты орында тұрады.

Тәрбиелі, білімді және саналы ұрпақ өсіру үшін мұғалімдер мен ата-аналардың жауапкершілігі зор. Дегенмен, оқушыны тәрбиелеу тек сыртқы әсерлерге ғана емес, өзін-өзі тәрбиелеу процесіне де тығыз байланысты.

Зигмунд Фрейд айтуы бойынша баланың бұл өміріндегі жақсы мен жаман нәрсе туралы ұғымды мұғалім мен ата-анасы орнатады. Яғни бала өмірінде ата-анасы мен мұғалімін үлгі ретінде алады. Баланың тәрбиесіне оң ықпал ету үшін мұғалімдер мен ата-аналар алдымен өздерін тәрбиелеуі қажет. Өзі жамандыққа үйір адам, баласына «жат қылық істеме» деп айтқанымен пайда жоқ. Себебі ол – жалғаншыл, өтірікші пенде санатында.

Өзін-өзі тәрбиелеу деген не ? Өзінді тәрбиелеу – бұл адамның өз әрекеттері мен мінез-құлқын басқаруға, жетілдіруге және дамытуға бағытталған саналы процесс.

Өзінді тәрбиелеудің қажеттілігі бірнеше аспектілермен айқындалады:

1)Өзін-өзі тану және жетілдіру: Мұғалімдер мен ата-аналар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білуі, өздерін жетілдіруге ұмтылуы керек. Өзін-өзі тану арқылы олар өздерінің мінез-құлқын, әрекеттерін және оқушыға деген қатынасын саналы түрде бақылай алады.

2)Үлгі көрсету: Балалар үлкендердің әрекеттеріне қарап, олардан үлгі алады. Егер мұғалімдер мен ата-аналар өздерін тәрбиелеуде үлгі болса, балалар да сол үлгіні ұстануға тырысады. Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы мұғалімдер мен ата-аналар балаларға өзіндік тәртіп пен жауапкершілікті көрсетуге мүмкіндік алады.

3)Тәрбиелеу процесінде сенімділік: Өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімдер мен ата-аналарға өз іс-әрекеттерінде сенімді болуға көмектеседі. Сенімділік – тәрбиелеу процесінің маңызды бөлігі. Сенімді мұғалімдер мен ата-аналар оқушылардың сенімін

арттырып, олардың дамуында белсенді рөл атқарады.

4) Моральдық және этикалық принциптерді сақтау: Өзінді тәрбиелеу адамға моральдық және этикалық принциптерді сақтауға көмектеседі. Мұғалімдер мен ата-аналар өздерінің мінез-құлқында этикалық нормаларды ұстана отырып, балаларға дұрыс құндылықтарды үйретеді.

5) Психологиялық тұрақтылық: Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы мұғалімдер мен ата-аналар өз эмоцияларын басқаруды үйренеді, стресстік жағдайларда сабырлы болуға дағдыланады. Бұл қасиеттер оқушылармен қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, оқушының тәрбиесі мұғалімдер мен ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеу процесімен тығыз байланысты. Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы мұғалімдер мен ата-аналар балаларға дұрыс тәрбие беріп, олардың жан-жақты дамуына оң ықпал етеді.

Өзінді тәрбиелеу арқылы мұғалімдер мен ата-аналар оқушыларға оң үлгі көрсетеді. Өз әрекеттерін, эмоцияларын және уақытын тиімді басқаруды меңгерген ересектер балаларға өзін-өзі жетілдірудің маңыздылығын түсіндіреді. Балалар үлкендердің мінез-құлқын бақылап, олардың өз-өзін қалай тәрбиелейтінін көріп, сол үлгіге ұмтылады. Бұл өз кезегінде оқушылардың да өз-өзін дамытуға, тәртіпті болуға және жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Өзін-өзі тәрбиелеу тек мектепте немесе бала кезіндегі ғана емес, өмір бойы қажет болатын маңызды дағды. Адамның жеке және кәсіби өсуі үшін өзін-өзі жетілдіру, өз әрекеттерін бағалау және оларды жақсарту маңызды. Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы адам жаңа білімдер мен дағдыларды игеріп, қиындықтарды жеңіп, өз мақсаттарына жете алады. Өзін-өзі тәрбиелеу өмірдің барлық кезеңдерінде қажет, сондықтан әрбір адам бұл процеске ерекше назар аударуы тиіс.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.